

«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ

04.05.2023ж.

№5

Жаңа Дәулет ауылы

Қатысқандар:

1. Салманов Оразхан

Қамқоршылық кеңес төрағасы, ата-ана

2. Тастайбекова Айнұр

қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер

3. Ягнисов Сатжан

қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер

4. Дәуэн Ләззат

қамқоршылық кеңес мүшесі, аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы

5. Фазылбек Абылай

қамқоршылық кеңес мүшесі, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы

6. Жексенбаев Қадырбек

қамқоршылық кеңес мүшесі, Дәулет селолық округінің бас маманы

7. Буркиталиев Бахтияр

қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер

8. Тасболатова Гулнара
Беккалиевна

«AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының баспасөз хатшысы

9. Қалабай Қуаныш Азанбайұлы

қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер-ұстаз.

Күн тәртібінде

1. Мектептегі даму мүмкіндігі шектеулі, мүгедек және инклюзивтік бағдарламамен оқытып отырған оқу жоспарының талаптарымен танысу; (А.Сарғожаева, оқу ісі жөніндегі орынбасар)

2. Полиция бөлімінде, наркология және психикалық аурулар диспансерінде есепте тұрған ата-аналары бар оқушылармен кеңестер өткізіп, бақылауда ұстау, үй-тұрмыс жағдайына рейд жасау барысы;

3. «Қолайсыз отбасы», «Қиын балалар» тізімін жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу (А.Кабулова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар)

4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сарғожаева Асылхан Алымқызы айтып өтті. Ол өз сөзінде: Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім

алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады. Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Осы бағытта жасалған жұмыстар бойынша мектепте тоғыз ерекше білімді қажет ететін оқушы және денсаулығына байланысты үш оқушы үйден жеке оқуға тіркелгендігін айтты. Олар: 7^в-сынып оқушысы Новрузбай Әли Азаматұлы, 9^д-сынып оқушысы Дуйсембаев Жаныбек, 5^д-сынып оқушысы Ғайни Мирас, 4^д-сынып оқушысы Бабекбаев Алибек, 3^в-сынып оқушысы Уристен Ерасыл Баурджанұлы, 3^г-сынып оқушысы Төлеген Жұбаныш, 5^д-сынып оқушысы Акулов Темірлан Есболович, 1^д-сынып оқушысы Керімхан Айару Берікқызы, 5^а-сынып оқушысы Шанбай Тұрарбек болса, үйден жеке оқытылатын оқушылар: 11^а-сынып оқушысы Сапарбаева Ақмарал және 11^в-сынып оқушысы Сағымбаева Әсем, 5^в-сынып оқушысы Найзабек Жанасыл.

Барлық оқушылардың құжаттары(ПМПК, ДКК анықтамасы, арызы, қолхат) жинақталғандығын баса айтып өтті.

Оқу жылы басынан бастап үйден жеке оқитын оқушылардың бұйрықтары шығарылды, сабақ кестесі жасақталып, бекітілді және сол кесте бойынша мұғалімдер сабақтарын уақытымен өтіп келеді –деді.

Мектепте инклюзивті оқушыларға барлық жағдай жасақталған, пән мұғалімдері сабақ барысында оқушы деңгейіне қарай оқу мақсатын басшылыққа ала отырып, жеке тапсырмаларды дайындап келетіндігін тілге тиек ете отырып, БЖБ, ТЖБ тапсырмалары да оқушы деңгейіне қарай жеке жасақталатындығын және арнайы мамандар(логопед, дефектолог) әр оқушымен аптаның әр күні жоспар бойынша дамытуға байланысты жеке жұмыстар жүргізсе, педагог-психологтар тренингтер, қолдау жұмыстарын көрсетіп отырғандығын айтты. Сондай-ақ педагог-психологтар осы оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдерімен де тренингтер өткізіп тұрады –деді.

Инклюзивті білім беру, білім сапасы, оқушылардың білім деңгейіне байланысты педконсилиум жүйелі өткізілетіндігін және Педконсилиумда ЕББҚ бар оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі, денсаулық жағдайы - барлығы жан-жақты қаралады, пән мұғалімдері, арнайы мамандар, сынып жетекшілері, әкімшілік мүшелерінің бірлескен шешімі шығарылады-деді.

Білім саласындағы құндылықтар, әлеуметтік жүйе ретінде, адам мен қоғамның дамуына жағдай жасайды. Білім беру жүйесі оқушылардың қажеттіліктерін қамтып, білім алып, құқықтарын қорғай алуға көмек береді. Мұның барлығы жалпыға білім беру жүйесінен шеттетілген балалардың топтарына бағытталған мемлекеттің білім беру саясаты екендігін және инклюзивті білім беруді іске асырудағы қажетті көрсеткіштердің бірі – білімнің сапасы екендігін айтып өтті. Мұнда білім алу құқығы тек қолжетімділік ғана емес, сонымен қатар балалық шақтан үлкен болғанға дейін білім алу процесіндегі әр адамның жетістіктерге жетуі. Сондықтан әр ұстаз өз пәні бойынша білім сапасын көтеріп, мақсатты жұмыс жасауға талпынуы керек –деп, сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кабулова Азиза Хайитбаевна сөйлеп, ол өз сөзінде: Биылғы 2022/2023 оқу жылын 1640 оқушымен, 70 сынып комплектісімен бастағандығын айтты. 70 сыныптың барлығына 70 сынып жетекші тағайындалған және әрбір сыныптың әлеуметтік паспорты жасақталып, денсаулық паспорты мен сабақтан босату туралы анықтамалары мектеп медбикесіне тіркелгендігін баса айтты. Жалпы мектепте денсаулығы бойынша (ВКК анықтамасы бар) босатылған 28 оқушы бар екендігін айтты.

Биылғы оқу жылында мектебімізде 2 қолайсыз отбасы тіркелгендігін, бұл отбасылар аудандық ішкі істер тарапынан тізіммен берілгендігін баса айтты. Қазіргі таңда бұл отбасындағы оқушылар ұлттық білім беру деректер қорында тіркеліп тұрғандығын айтты.

№	Ата-анасының аты-жөні, тегі	Туған күні, айы, жылы	Жұмыс орны	Есепке алынған күні	Оқушының аты-жөні, тегі	Туған күні, айы, жылы	Оқу орны (балабақша, мектеп, колледж)	Қосымша біліммен қамту
1	Серсенов Бактыбай Эрсариевич Уразомбетова Гулсан Джумабаевна	16.05.1977 14.10.1976	Жұмыссыз ГПП на ПХВ МОМБ медбике	30.09.2022	Серсенова Мадина Бактыбайқызы Эрсары Арман Бактыбайұлы Эрсары Бауыржан Бактыбайұлы Эрсары Рамазан Бактыбайұлы	14.09.2003 07.07.2007 06.02.2012 21.06.2016	Орал қаласы, М.Өтеміс атындағы БХМУ 3-курс 10-сынып Қызылтөбе лицейі 5-сынып ALT лицей 1-сынып	
2	Титумбаев Мереке Петлетович Титумбаева Райхан Тойлыбаевна	17.09.1986 05.01.1989	Жұмыссыз 17 ш/а 54 үй МАЯК кіші қызметкер	29.09.2022	Титумбаев Акилбек Мерекеевич Титумбаева Актилек Мерекеевна Титумбаев Айдос Мерекеұлы Титумбаева Ақниет Мерекеқызы	03.05.2008 19.03.2010 05.06.2013 24.02.2015	№4 ЖББМ 9-сынып №4 ЖББМ 7-сынып №4 ЖББМ 4-сынып №4 ЖББМ 2-сынып	

2021/2022 оқу жылында 1 оқушы (Келімбердиев Сүндет) аудандық кәмелетке толмағандардың істерін қорғау жөніндегі комиссия отырысының шешімімен қиын бала бойынша аудандық есепке алынған және Ақтау қаласында орналасқан жасөспірімдерді бейімдеу орталығында болған, ал қазіргі таңда ол оқушы колледжде оқиды. Мектеп есебінен шығарылды. Биылғы 2022/23 оқу жылында мектепішілік және аудандық есепте тұрған оқушы жоқ - деді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай және талқылай келе комиссия шешім шығарды

ШЕШІМ

«Мектептегі даму мүмкіндігі шектеулі, мүгедек және инклюзивтік бағдарламамен оқытып отырған оқу жоспарының талаптарымен таныстыру» барысындағы оқу ісі жөніндегі орынбасар А.Сарғожаеваның баяндамасы және жасалған жұмыстары «қанағаттанарлық» деп танылсын; «Қолайсыз отбасы», «Қиын балалар» тізімін жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша жасалған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылып, әрі қарай жасалатын жұмыстар тыңғылықты деңгейде жүргізілуі жолға қойылсын.

Кеңес төрағасы
Кеңес хатшысы



О.О.Салманов
А.Тастайбекова